

Қоңырөзек ауылдық округі Қоңырөзек ауылының Амангелді көшесінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен ауданы Қоңырөзек ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 ақпанда № 4292 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен ауданы Қоңырөзек ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 11 қарашадағы N 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен ауданы Қоңырөзек ауылдық округі әкімінің 11.11.2015 N 2 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес, Успен ауданының мемлекеттік ветеринариялық бас инспекторының ұсынысы негізінде Қоңырөзек ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Жануарлардан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Қоңырөзек ауылдық округінің Қоңырөзек ауылындағы Амангелді көшесінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Ауылдық округінің әкімі

Р. Кумуков

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

ветеринариялық бақылау және

қадағалау Комитетінің Успен

аудандық аумақтық

инспекциясының басшысы

Б. Ағатанов

2015 жылғы "23" қаңтар